

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАСҚАРУ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

26.12.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрайымы- магистр оқытушы Сабытханова М.Ж.; АК мүшесі, академиялық персонал- PhD, аға оқытушы Куралбаев А.А., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі –Айнакожаев Е.П., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі –Медеуов Н.Д.; білімгерлер өкілі – Ақжол Ж.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:
 - Атамекен рейтингісіне қажетті құжаттарды дайындау;
 - соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
 - Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
 - жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
 - сауалнамалар білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың нәтижелері;
 - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
 - түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері.
2. ББ аудитін жүргізу және алынған нәтижелер бойынша шешімдер қабылдау.
3. Қараша-Желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша АК төрағасы Сабытханова М.Ж. Күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырды. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» ұйымдастырған **2025 жылғы білім беру бағдарламалары рейтингісінің** қорытындысы бойынша 6B11157- Туризм білім беру бағдарламасы **15-орынға** ие болды. Аталған рейтинг жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасын **еңбек нарығындағы сұраныс деңгейі мен сапа көрсеткіштері** негізінде бағалауға бағытталған және білім беру сапасын **объективті талдаудың нәтижесі** ретінде жарияланады.

6B11157- Туризм білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық «Атамекен» рейтингісінің **критерийлері мен олардың үлес салмақтары бекітілген әдістемеге сәйкес** айқындалды. Атап айтқанда, «Түлектердің мансаптық болашағы» блогының үлес салмағы **49,0%** болып, ол түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін, жұмыс іздеу мерзімін және медиандық жалақы көрсеткіштерін қамтыды.

«Білім беру бағдарламасының сапа көрсеткіштері» блогы **24,0%** үлес салмақпен бағаланып, білім беру бағдарламасын әзірлеу және жұмыс берушілермен келісу үдерісі, профессор-оқытушылар құрамының практикалық тәжірибесі мен жетістіктері, бағдарламаның аккредиттелуі және мазмұнын бағалау критерийлері негізінде сараланды. «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» блогының үлес салмағы **16,0%** болып, академиялық ұтқырлық, білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, магистратурада немесе резидентурада оқуын жалғастырған түлектердің үлесі, білім беру

бағдарламасына қабылданған талапкерлердің ҰБТ орташа балы мен шетелдік студенттердің үлесі көрсеткіштерін қамтыды.

Сонымен қатар, **«ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері»** блогы **11,0%** үлес салмақпен студенттер мен оқытушылар арақатынасы, дәрежелі оқытушылардың үлесі, бір студентке шаққандағы шығындар көлемі және профессор-оқытушылар құрамының медиандық жалақысы критерийлері бойынша есепке алынды.

6В11157- Туризм білім беру бағдарламаларының ұлттық «Атамекен» рейтингісіне қатысуы үшін қажетті құжаттар **бекітілген нұсқаулық талаптарына сәйкес** дайындалды. Құжаттар түлектердің әртүрлі санаттары бойынша (бала күтімі немесе декреттік демалыста болған, мүмкіндігі шектеулі, мерзімді әскери қызметке шақырылған, шетелде оқитын немесе жұмыс істейтін, шетелдік түлектер, магистранттар, ересек жастағы түлектер, күштік құрылым қызметкерлері) **растайтын құжаттармен толық қамтамасыз етілді**. «Түлектердің мансаптық болашағы» блогы бойынша рейтингке енгізілмейтін санаттар белгіленген талаптарға сәйкес есепке алынды.

Аталған блок аясында көрсеткіштерді қалыптастыру **бекітілген әдістеме негізінде** жүзеге асырылды. Атап айтқанда, тұрақты жұмыспен қамту көрсеткіші қатарынан кемінде үш ай тұрақты зейнетақы аударымдары бар түлектердің үлесі арқылы, жұмысқа орналасу деңгейі – бакалавриаттың күндізгі бөлімін аяқтаған түлектердің жұмысқа орналасқан пайызы арқылы, медиандық жалақы – оқу аяқталғаннан кейінгі түлектер табысының медиандық мәнін өңірдің ең төменгі күнкөріс деңгейімен салыстыру арқылы есептелді. Сондай-ақ жұмыс іздеу ұзақтығы ЖЖОКБҰ-дан шығарылған сәттен бастап алғашқы тұрақты зейнетақы аударымдарына дейінгі кезең негізінде анықталды. Шартты жұмыспен қамту көрсеткіші есептік кезеңдегі алғашқы екі үздіксіз зейнетақы аударымдарына сүйене отырып айқындалды, ал есептеулерде тұрақты және тұрақты емес негіздегі барлық зейнетақы аударымдары толық қамтылды.

«Атамекен» рейтингісінің **«Білім беру бағдарламасының сапа көрсеткіштері»** блогы шеңберіндегі бағалау да бекітілген әдістемеге сәйкес жүргізілді. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жұмыс берушілермен келісу көрсеткіші жұмыс берушілердің қатысуымен, олардың ұсыныстары мен сұраныстарын ескере отырып қалыптастырылды және 2023–2024 оқу жылына арналған білім беру бағдарламасы, ЭПК материалдары, сараптамалық қорытындылар мен сауалнамалар арқылы расталды. Профессор-оқытушылар құрамының сапасы тиісті сала бойынша соңғы 15 жыл ішінде кемінде 12 ай практикалық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар туралы анықтамалар негізінде айқындалды. Білім беру бағдарламасының аккредиттелуі қолданыстағы мамандандырылған аккредиттеу сертификаттарымен дәлелденді, ал бағдарламаның мазмұны жұмыс оқу жоспарлары мен тәуелсіз сарапшылардың бағалары негізінде бағаланды. Сонымен бірге, ПОҚ жетістіктері республикалық және халықаралық деңгейде танылған, соңғы он жыл ішінде «ЖОО үздік оқытушысы» және «Үздік ғылыми қызметкер» атақтарын алған штаттық оқытушылар үлесі арқылы анықталды. Барлық көрсеткіштер тек талаптарға сәйкес келетін және тиісті құжаттармен расталған материалдар негізінде есепке алынды.

«Білім беру бағдарламасының жетістіктері» блогы бойынша көрсеткіштер де әдістемелік талаптарға сай қалыптастырылды. Магистратурада оқуын жалғастырған түлектердің үлесі ЖЖОКБҰ анықтамалары мен қабылдау туралы бұйрықтар негізінде есептелді. Шетелдік студенттердің үлесі қабылдау бұйрықтары мен төлқұжат көшірмелері арқылы анықталды. Білім беру бағдарламасына қабылданған талапкерлердің ҰБТ/КТ орташа балы 2024–2025 оқу жылында бакалавриаттың күндізгі бөліміне қабылданған талапкерлер деректері бойынша есептелді. Ғылыми-кәсіпкерлік бастамалардың болмауына байланысты бұл көрсеткіш есепке алынбады.

Ал ұлттық «Атамекен» рейтингісінің **«ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері»** блогы шеңберіндегі деректер бекітілген әдістеме негізінде қалыптастырылды. ПОҚ медиандық жалақысы 2024 жылғы тамыз бен 2025 жылғы шілде аралығындағы кезеңде штаттық оқытушыларға төленген еңбекақы деректері бойынша есептелді. Студенттер мен

оқытушылар арақатынасы білім алушылар саны мен штаттық ПОҚ санының қатынасы арқылы анықталды. Дәрежелі оқытушылардың үлесі ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган берген немесе таныған ғылыми дәрежелер мен атақтарды растайтын құжаттар негізінде айқындалды. Бір студентке жұмсалатын шығындар көлемі 2024 күнтізбелік жылға арналған кітапханалық қор мен бағдарламалық қамтамасыз етуге бағытталған шығындарды ескере отырып есептелді. Барлық көрсеткіштер бекітілген нысандарға сәйкес толтырылып, растайтын құжаттармен қамтамасыз етілді, ал талаптарға сәйкес келмейтін материалдар есепке алынбады.

«Атамекен» ҚР ҰКП Бизнестің сенімді серіктесі		Каз
Туризм		15 / 35
B091 - Туризм		
6B11157 Туризм		
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті		
Түркістан облысы		
Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері (24%)		0.49
Білім беру бағдарламасының жетістіктері (16%)		0.32
ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері (вес 11%)		0.33
Түлектердің мансаптық перспективалары (49%)		1.56
Жалпы бағасы		2.71

2025	B091 Туризм	Туризм	6B11157 Туризм	Университет «Туран-Астана»	Мультипрофильный	г. Астана	15 / 35	2,745
2025	B091 Туризм	Туризм	6B11157 Туризм	Жетісу университеті және Жетісу институты	Мультипрофильный	Область Жетісу	14 / 35	2,704
2025	B091 Туризм	Туризм	6B11157 Туризм	Академиялық қазақ-түрік университеті	Мультипрофильный	Түркістанская область	15 / 35	2,705
2025	B091 Туризм	Туризм	6B11157 Туризм	Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет	Мультипрофильный	Западно-Казахстанская область	16 / 35	2,702

АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы Куралбаев А.А.:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6B11157-Туризм білім беру бағдарламасы соңғы жылдарда ҚР ҰКП «Атамекен» өткізген білім беру бағдарламалары рейтингтеріне жүйелі түрде қатысып келеді. 2024 жылы 6B11157- Туризм білім беру бағдарламасы 29 қатысушы бағдарламадан 15-ші орынға не болған. Атамекен Рейтинг 2025 жылғы рейтинг нәтижесі бойынша 6B11157 - Туризм 35 бағдарламадан 15-ші орын иеленді, яғни өзгеріс болмағаны байқалады. Бұл динамика оқу процесінде, практикалық бағытта және түлектердің нәтиже көрсеткіштері бойынша көп жұмыс жасау қажеттігін көрсетеді, және алдағы уақытта білім беру бағдарламасын түбегейлі қарап, оңтайландыру шараларын жасау қажет екенін көрсетіп отыр.

Рейтинг нәтижесі аса қуантарлық болмағанымен 6B11157 - Туризм білім беру бағдарламасында соңғы жылдары үміткерлердің саны тұрақты түрде артқан, қабылданған студенттердің сапалық көрсеткіштері де (ҰБТ/КТ балдары) жоғарылаған, алтын белгімен түскен студенттерді есепке алғанда. 6B11157- Туризм білім беру бағдарламасына түскен білімгерлердің контингенті еңбек нарығы мен академиялық талаптарға сәйкес іріктелген. Бағдарлама түлектері еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болып, жұмысқа орналасу деңгейі тұрақты түрде жоғарылауда.

6B11157- Туризм білім беру бағдарламасы бойынша ішкі аудит жүргізілді, нәтижелері оқу бағдарламасының сапасын, практикалық бағыттарын және түлектердің еңбек нарығына

ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларымен, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмімен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықпен танысып, осы құжаттар негізінде жұмыстар атқарылуы тиіс.

АК мүшесі, академиялық персонал – Куралбаев А.А., PhD, аға оқытушы:

ББ ішкі нормативтік талапқа сай, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы (БПЖАҰО) директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 н/қ бұйрығы, 1-қосымшаға сай рәсімделіп, қолданыста, яғни оқу процессінде пайдаланылуда.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша, А. Куралбаев: ББ біліктілік талаптарының келесі түрде мәлімет ұсынды:

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бойынша 6B11157- Туризм БББ-сы академиялық топтарына білім беретін ОПК педагогикалық жүктемеге сай “Педагогикалық білім моделін енгізу және оның мазмұнын нығайту” жобасы аясында профессор оқытушы құрамының кәсіби құзіреттерін дамытуға бағытталған “Силлабустардың құрылымын жетілдіру” тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтіп (72 сағат), “Тұран” біліктілік арттыру орталығы (Түркістан қ.), “Инклюзивті білім беруде оқыту дағдылары” тақырыбы бойынша (72 сағат) біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, сертификаттар алды.

Келесі сұрақ қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдауға арналады. 2025–2026 оқу жылының бірінші академиялық кеңес мәжілісінде академиялық комитеттің қызметіне сәттілік тілей отырып, қыркүйек–қазан айларында атқарылған жұмыстардың нәтижелерін қанағаттанарлық деп бағалауға болады. Алдағы кезеңде ауқымды міндеттерді ұжымдық түрде жүзеге асырған жағдайда, барлық көтерілген мәселелер тиімді шешімін табатын болады.

Шешім: «Қызмет көрсету» даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қыркүйек-қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылданын.

Мәжіліс төрағасы:

М.Ж. Сабытханова

Хатшысы:

А.А. Куралбаев